

Бекітемін  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің Ректор өкілі м.а.,  
профессор Н. Генч  
« 19 » 11 2025 ж.

Бекітемін  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің Ректоры  
Ж. Темірбекова  
« 19 » 11 2025 ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-075-2025


### АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ІШКІ КӘСІБИ РЕЙТИНГІН АНЫҚТАУ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ, РЕЙТИНГ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ  
ОРТАЛЫҒЫМЕН ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Орталық басшысы С. Кырыкбаева
3. Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры,  
А.Ошибаева  
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова  
– Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры Е.Төлегенов  
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-  
ректоры М. Гиритлиоглу  
– Қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтер  
Қ.Төребай  
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2027 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 2-ші беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1.	Қолданылу саласы	3
2.	Нормативті сілтемелер	3
3.	Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4.	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5.	Жалпы ережелер	4
6.	ip.ayu.edu.kz ақпарат порталына ендірілген көрсеткіштер	11
6.1	Оқытушы-профессорлардың, ғылыми-қызметкерлердің рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	11
6.2	Кафедралардың рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	21
6.3	Факультеттердің рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	23
6.4	Ғылыми зерттеу институттарының рейтингілерін анықтау көрсеткіштері	24
7.	Өзгерістерді енгізу тәртібі	24
8.	Келісу, сақтау және тарату	24
9.	Қосымшалар	26
	Қосымша А. Танысу парағы	26
	Қосымша В. Өзгерістерді тіркеу парағы	27

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-075-2025</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 3-ші беті</b>

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – Ахмет Ясауи университеті, ХҚТУ, университет) оқытушы-профессорлар құрамы (бұдан әрі – ОПҚ), ғылыми қызметкерлер мен кафедра, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары (бұдан әрі – ҒЗИ, ҒЗО) кәсіби рейтингін анықтау шарттарын белгілейді.

1.2 Бұл ереже Ахмет Ясауи университеті оқытушы-профессорлар құрамы, ғылыми қызметкерлер, кафедра, факультеттер және ғылыми-зерттеу институттарының кәсіби рейтингін анықтауды жүзеге асыруда қолданылатын негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеттің мемлекеттік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ-ХҚТУ-075-2025 Университет ережесі Ахмет Ясауи университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР Білім туралы заңы;  
 - ҚР Ғылым және технологиялық саясат туралы заңы;  
 - ҚР «Еңбек Кодексі»;  
 - Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы;

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы;

Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі сапаны қамтамасыздандыруға арналған стандарттар және нұсқаулықтардың (ESG), 2015;

Университет Жарғысы;  
 - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы;

ҚП ХҚТУ-7.5.3-2025 Құжатталған ақпараттарды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:

ҚР ҒЖЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министірлігі;  
 ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	11-шы нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі		27 беттің 4-ші беті

ҚР ММ	– Қазақстан Республикасы Мәдениет министірлігі;
Ахмет Ясауи университеті, ХҚТУ	– Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
УЕ	– Университет ережесі;
ОПҚ	– Оқытушы-профессорлар құрамы;
ҒЗИ	– Ғылыми-зерттеу институттары;
СМЖ	– Сапа менеджментінің жүйесі;
ЖББҰ	– Жоғары білім беру ұйымдары;
СДРСО	– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы;
Ереже	– Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі;
ОӘК	– Оқу әдістемелік комитет;
ҒК	– Ғылым комитеті;
ӘК	– Әлеуметтік мәдени мәселелер комитеті;
АРТА (НААР)	– Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі;
АЕК	– Айлық есептік көрсеткіш

#### **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және бекітуге ұсынылады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне кафедра меңгерушілері, факультет декандары және ҒЗИ/ҒЗО директорлары жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуына Стратегиялық даму, рейтинг және стандарттау орталығы, Академиялық департамент, Ғылым департаменті, Жастар саясаты департаменті, Ақпараттық технология департаменті, Ғылыми-зерттеу институтының/орталықтарының директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері жауапты болып табылады.

#### **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Рейтинг (ағылш. *Rating* – класс, разряд, дәреже, баға, қоғамдағы орны деген сөзінен алынған) – белгілі бір объектінің немесе әрекеттің маңыздылығын сипаттайтын немесе танымдылық, бағалау деңгейін сипаттайтын сандық көрсеткіш.

ОПҚ/кафедралар/факультеттер/ғылыми-зерттеу институттарының/орталықтарының қызметін рейтингтік бағалаудың негізгі мақсаты – құрылымдар мен оқытушы-қызметкерлердің Университетке қосқан үлесін ескере отырып, жұмыс сапасын жақсарту және жетілдіру арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету, университет ОПҚ, кафедраларының қызметін анықтауға және бағалауға арналған ақпараттық база қалыптастыру.

Ішкі рейтинг жүйесінің негізгі міндеттері:

– ұжым еңбегінің нәтижелі көрсеткіштерінің сараптамалық мәліметтері негізінде Университет қызметін жетілдіру және дамыту;

– ОПҚ, әкімшілік-басқару құрамының ғылыми-белсенді қызметкерлері, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттарының/орталықтарының қызметін бағалау мен олардың тиімділігін бақылау мақсатында бірыңғай кешенді критерийлерді топтастыру;

– ОПҚ, кафедралар, факультеттер, ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары жетістіктерінің деректер банкін жасау;

– оқытушылардың өз кәсіби біліктілігін арттыруға, педагогикалық шеберліктің озық үлгісін меңгеруге және шығармашылық тұрғыдан дәріс беруге қызығушылығын күшейту;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 5-ші беті</b>

толық әрі анық ақпарат беруді арттыра отырып, ОПК/кафедра/ факультет, ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары қызметіне берілген бағаның объективтілігін, шынайылығын қамтамасыз ету;

бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау сапасын арттыру;  
жалпы университеттің, жекелеп алғанда ғылыми-зерттеу институттары/орталықтарының ғылыми қызметкерлерінің, факультет, кафедра және оқытушылардың қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық база құру;  
педагогикалық ұжымның өз еңбектерінің нәтижесіне сыни тұрғыдан сараптама жүргізуі;

жалпы университеттің рейтингін көтеруге ықпал ететін ОПК, кафедра, факультет, ғылыми-зерттеу институттары қызметтерінің түрлерін ынталандыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кәсіби рейтингті анықтау оқу процесіне қатысты барлық құрылымдарда Стратегиялық жоспардағы көрсеткіштерді орындауға арналған ОПК, ғылыми қызметкерлер, ҒЗИ/ҒЗО, кафедра, факультеттердің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген еңбек нәтижелері негізінде іске асырылады.

Рейтингті ұйымдастыру төмендегі қағидаларға негізделген:

алынған ақпараттың объективтілігі, шынайылығы және нақтылығы;  
ашықтық, жариялылық, жүйелілік;  
құзыреттілік және алқалық шешім қабылдау.

Рейтинг нәтижелері құрылымдық бөлімше басшылары үшін ақпараттық база болып табылады, бұл университет қызметін басқарудың және жетілдірудің негізгі құралдарының бірі. Стратегиялық жоспардағы көзделген оқу орнымыздың білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және ғылыми жұмыстар сапасын арттыру жөнінен университет қызметкерлерінің потенциалын максималды сарқа пайдалану мақсатында бұл рейтингте оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бағыттары бойынша ескеріледі.

ОПК-кафедра-факультет рейтингі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024–2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасына (сондай-ақ, факультеттер мен ғылыми-зерттеу институттары/орталықтарының стратегияларына) негізделеді.

Ағымдағы оқу жылындағы ОПК/кафедра/факультет/ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары рейтингінің барлық көрсеткіштері төмендегі бағыттары бойынша біріктіріледі:

I – Ғылым бағыты, оның меншікті үлесі жалпы ұпай санының 50 %-ын құрайды;  
II – Академиялық бағыт, оның меншікті үлесі жалпы ұпай санының 35 %-ын құрайды;  
III – Әлеуметтік-мәдени бағыт, оның меншікті үлесі жалпы ұпай санының 15 %-ын құрайды.  
Ұпай саны бағыттар бойынша: 0,50; 0,35; 0,15 коэффициентіне көбейтіледі де, қорытынды ұпай саны есептеледі.

Рейтинг порталындағы әр индикатор үшін белгіленген ұпай – сол көрсеткішке ғана берілген жалпы ұпай ретінде саналады (әр автор үшін жеке-жеке емес).

ОПК мен ғылыми қызметкерлердің ішкі рейтинг көрсеткіштері университеттің ip.ayu.edu.kz базасы арқылы анықталады.

ОПК, ғылыми қызметкерлер, кафедралар, факультеттер, ҒЗИ/ҒЗО қызметін рейтингтік бағалау төмендегідей мүмкіндіктерге жол ашады:

оқытушылар қызметін бағалаудың жыл сайынғы аттестациясының бір көрсеткіші ретінде пайдалануға;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-075-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі		11-шы нұсқа 27 беттің 6-ші беті

кафедраны, факультетті, ғылыми-зерттеу институттар/орталықтарын, университетті дамытуға қосқан жеке үлесін бағалауға;

қызметтің жекелеген түрлерінде (академиялық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени) көшбасшыларды анықтауға;

оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлердің кафедрадағы, кафедраның факультеттегі, факультеттің университеттегі жалпы орнын (рейтингін) анықтауға;

оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлердің академиялық, ғылыми, әлеуметтік-мәдени қызметіндегі белсенділігін арттыруға жағдай жасауға;

құрылымдық бөлімшелердің басшыларын, оқытушы-профессорлар мен ғылыми қызметкерлердің, кафедралардың, факультеттердің кәсіби дайындық деңгейі және оны жетілдіру бағыттары туралы қосымша ақпаратпен қамтамасыз етуге;

ғылыми-педагогикалық лауазымдарды ауыстыруға үміткерлер ұсыну рәсімдерін оңайлатуға ОПК, басқарушы қызметкерлерінің резервін анықтауға;

оқытушы-қызметкерлерді моральдік және материалдық жағынан ынталандыруға.

5.2 Оқытушы-профессорлар құрамы және ғылыми қызметкерлердің еңбек нәтижелерінің көрсеткіштері дәлелді шешімдер мен расталатын құжаттар түрінде ішкі рейтингтік ір.ayu.edu.kz ақпарат базасына ендіріледі. Ір.ayu.edu.kz ақпарат базасына мәліметтерді ендіру – әр ОПК және ғылыми қызметкер тарапынан дербес атқарылады. Әр ОПК және ғылыми қызметкерлерге, ақпарат базасына жүктелген мәліметтерді тексеріп растаушы тұлғаларға (кафедра меңгерушілері, растаушылар, Стратегиялық даму, рейтинг және стандарттау орталығының жауапты қызметкерлері) ІТ бағдарламашысы тарапынан рейтинг жүйесінде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жеке логин мен құпия сөз беріледі. Оқытушы-профессорлар құрамының ағымдағы оқу жылы бойынша еңбек көрсеткіштерін рейтингтік ір.ayu.edu.kz сайтына уақтылы ендіруін үнемі ескерту және орындалуын тұрақты түрде қадағалау жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне жүктеледі. Ақпараттық базаға ендірілген көрсеткіштердің шынайылығы үшін ақпаратты ендіруші ОПК, ғылыми қызметкерлер және тиісті құрылым басшылары – кафедра меңгерушілері, директорларына жауапкершілік жүктеледі. Кафедра меңгерушілері, ОПК, кафедра, факультет рейтингі мәліметтерінің индикативті жоспармен сәйкестігіне және орындалу деңгейіне үздіксіз мониторинг жүргізеді.

ОПК, кафедра, факультет, ғылыми-зерттеу институттары/орталықтары рейтингін анықтау оқу жылына екі рет немесе оқу жылы соңында қорытынды бір рет жүргізілуі мүмкін. Ақпараттық технология департаменті тарапынан рейтинг жүйесін іске асыруға төмендегідей техникалық қолдау көрсетіледі:

- ір.ayu.edu.kz ақпарат базасын үнемі жұмыс қалпында ұстау;
- қалыпты жұмыс режимі үшін рейтинг контентін қамтамасыз ету (Адам ресурстарын басқару бөлімі арқылы оқу жылындағы ОПК тізімін жаңалау, толық және толық емес штаттық бірліктегі ОПК-ны анықтап, ақпараттық базаға орналастыру);
- рейтинг жүйесінің жұмысы бойынша қолданушыларға кеңес беру;
- техникалық немесе орын алған басқа қателерді шұғыл түзету;
- хабарландыру, шұғыл ақпаратты қосу және өзгерту;
- рейтинг комиссиясы шешімдеріне сәйкес қорытынды нәтижелерге түзетулер ендіру;
- ір.ayu.edu.kz ақпарат базасындағы мәліметтерді сақтау және үнемі көшірмелерін алу;
- бағдарламалық қамтамасыз ету және үнемі жетілдіру.

5.3 ОПК тарапынан университет базасына ендірілген академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша еңбек көрсеткіштері әр оқу жылының маусым айында талданып қорытындыланады. Жалпы қорытындылау және рейтингті ынталандыру шараларына ұсыну университет басшылығы тарапынан құрылған ішкі рейтинг комиссиясы (бұдан әрі – Рейтинг комиссиясы) арқылы жүргізіледі.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	11-шы нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі		27 беттің 7-ші беті

Рейтинг комиссиясы жұмысын қос тараптан (Қазақстан және Түркия) тағайындалған ректор өкілі немесе вице-ректорлар басқарады. Комиссия құрамына:

- Академиялық, Ғылым және Әлеуметтік-мәдени бағыттар бойынша үш вице-ректор;
- үш бағыт бойынша департамент директорлары;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын екі факультет деканы;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын бір ҒЗИ директоры;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын 1 кафедра меңгерушісі;
- құрамы жыл сайын ауысып отыратын 1 ОПК;

Стратегиялық даму, рейтинг және стандарттау орталығы мен басқа құрылымдық бөлім басшылары енеді.

Университеттің Рейтинг комиссиясы ОПК мен ғылыми қызметкер/кафедра/факультет/ҒЗИ/ҒЗО рейтингтерінің материалдарын қарастырып, талдаулар жүргізеді, өтініштер бойынша сараптаулар және жалпы қорытындылау жасайды. Рейтинг нәтижелері бойынша қорытынды есепті және ынталандыру мен шара қолдану жөніндегі ұсыныстарды жоғарғы басшылыққа ұсынады.

5.4 Әр ОПК және ғылыми қызметкерлер өздерінің еңбек нәтижелерінің көрсеткіштерін дәлелді шешімдер немесе расталатын құжаттар түрінде рейтингтік ақпарат базасына 05 қаңтар айынан бастап 21 мамырға дейін ендіреді, 22 мамырда ақпараттық база жабылады. ІР базасында екіден артық, яғни үш және одан да көп қате жіберген оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер ішкі кәсіби рейтингке қатысудан шеттетіледі және тізімнен шығарылады. Алайда олардың жетістіктері өз кафедрасы мен факультеті/институтының рейтингісіне есепке алынады.

5.5 Растаушы тұлғалар 31-ші мамырға дейін базаға ендірілген ақпараттарды растаумен шұғылданады. 01-05 маусым аралығында ОПК және ғылыми қызметкерлердің шағым, апелляция рәсімдеу мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, Растаушы тарапынан қосымша сұратқан құжаттарды немесе қосымша дәлелдерді ендіру мүмкіндігі бар.

Ақпараттық базаға ендірілген көрсеткіштердің шынайылығын, талаптарға сәйкестігін растау опциясы бар. Оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер тарапынан университеттің ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген академиялық, ғылым, әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша еңбек көрсеткіштері – тиісті департамент директорлары, орталық басшылары, сала бойынша вице-ректорлар тағайындаған немесе тәуелсіз сарапшы тұлғалар тарапынан тексеріліп, расталады.

**Растаушының функциялары мен міндеттері:** Растаушы тұлғалар ақпараттық базаға ендірілген мәліметтерді дер кезінде тексеріп, шынайы мәліметтердің уақтылы расталуына немесе себебін көрсете отырып кері қайтарылуына дербес жауапты болады. Таласты жайттар туындаған жағдайларда, растаушы тұлғалар өз саласы бойынша күзиретті мамандармен кеңесіп, мәселенің шұғыл шешілуіне тікелей міндетті болады. Растаушылардың жауапкершілігі мен олардың құқықтарын қорғау тетіктері жеке келісімшартта немесе соған тең құжатта айқындалады.

Растаушыларды оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер тарапынан қысым көрсетуден қорғау қамтамасыз етіледі. Растаушылардың жұмысына араласу, яғни деректерді растау туралы шешімді өзгерту мақсатында қысым көрсету, өтініш білдіру немесе қорқыту түрінде әрекет етуге жол берілмейді. Мұндай әрекетті жүзеге асырған тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Қысым көрсету фактісі болған жағдайда, растаушы бұл туралы Рейтинг комиссиясына немесе Стратегиялық даму, рейтинг және стандарттау орталығының басшысына дереу хабарлауға міндетті.

ОПК, кафедра, факультет, ҒЗИ/ҒЗО рейтингі көрсеткіштеріне мониторинг жасау Стратегиялық даму, рейтинг және стандарттау орталығы тарапынан жүргізіледі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХКТУ-075-2025</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 8-ші беті</b>

ОПҚ рейтингі бойынша мәліметтерді ақпараттық базаға ендіру көрсеткіштері мен нәтижелері оқу жылы соңында тиісті кафедра мен ҒЗИ/ҒЗО тарапынан мониторинг жасалып қадағаланады.

5.6 Оқытушы-профессорлар құрамының және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің (ҒЗИ/ҒЗО үшін) университет базасына ендірілген оқу-әдістемелік, ғылым, адам ресурстары мен әлеуметтік-мәдени жұмыстары бойынша еңбек көрсеткіштері жалпылама немесе жеке категориялар бойынша: ОПҚ, кафедра, факультет, ҒЗИ/ҒЗО үшін дербес қорытындыланады.

5.7 Оқу-әдістемелік т.б. баспа материалдары ОӘК, ҒК, ӘК хаттамасына сәйкес және материал баспадан шыққан күннен бастап ескеріледі. Көрсеткіштер өткен оқу жылының 21-ші мамыры мен осы оқу жылының 20-шы мамыр аралығы үшін есептеледі және оқытушылар үлесін растайтын құжаттар осы мерзім аралығында болуы шарт.

5.8 Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар (Ахмет Ясауи университеті атауы көрсетілген жағдайда), қосалқы авторлық тек өз ғылыми және пәнаралық бағыты бойынша, Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) үшін кватиль және CiteScore (Scopus) индикаторы және барлық ғылыми мақалалар мен монографиялар үшін ұпайларды есептеу кезінде жарияланымның авторлардың жалпы санына қарай бөлінеді (автордың ішкі немесе сыртқы екеніне қарамастан). Дәл осындай принцип оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, әдістемелік нұсқаулықтардың, электронды оқулықтардың авторлары және патенті, авторлық құқық иелері үшін де қолданылады.

Ip.ayu.edu.kz ақпараттық порталында көрсеткіштерді растау кезінде, жарияланымдардың CiteScore көрсеткіші тиісті деректер базасындағы болуы шарт. Жарияланымның жылы бойынша CiteScore және жариялау мерзімі осы оқу жылында болуы шарт.

5.9 Семинарлар, конференциялар, академиялық ұтқырлық, тағылымдамаларға және т.б. қатысуды айғақтау – қатысу сертификаттары негізінде немесе бұйрық немесе т.б. ресми құжаттары арқылы расталады.

ОПҚ және ғылыми қызметкерлер еңбек көрсеткіштері, дәлелдемелері (фото, сертификат және т.б. сканерленген құжаттар) PDF, JPG файлдарына ғана салынуы тиіс.

5.10 Университеттің ішкі кәсіби рейтингісіне Университетте жұмыс жасайтын кез-келген қызметкердің қатысуға құқығы бар. Ал 1 жылдан аз уақыт жұмыс жасағандардың және толық емес штаттағылардың ішкі рейтингке қатыспау (қатысудан өз еркімен бас тартқан) жөніндегі жазбаша өтініші бойынша Рейтинг комиссиясы тарапынан ол тұлғаларға шара қабылдау туралы шешім қабылданады. Кафедра, факультет және ҒЗИ рейтингілері сол құрылымдағы ОПҚ немесе ғылыми қызметкерлердің штаттық бірлігіне шаққандағы орташа көрсеткіштерімен есептеледі.

5.11 ОПҚ, кафедра, факультет рейтингінің қорытындысы жұмыстың үш бағыты бойынша көрсеткіштердің ұпайларын қосу арқылы есептеледі. Әрі қарай алынған ұпайлардың жалпы қосындысы бойынша ОПҚ-ны, кафедраны, факультетті, ҒЗИ/ҒЗО-ды кему тәртібімен саралау жүргізіледі және әрбір оқытушының, кафедраның, факультеттің, ҒЗИ/ҒЗО-дың рейтингтік орны анықталады.

5.12 ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер тарапынан осы оқу жылына дейін мерзімі ескірген ендірулер, бір мәліметті әр түрлі индикаторларға қайталап ендірулер немесе ережеге сәйкес келмейтін жалған мәліметтер ендірулердің барлығы растаушы тұлғалар тарапынан кері қайтарылады. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің дәлелдеуші құжатына күмән келтірген жағдайда, мәліметті растаушылар тарапынан қатысушыдан сол мерзім аралығында университет бұйрығының мәтіні, қызмет хат т.б. дәлелдемелер талап етіледі. ОПҚ және ғылыми қызметкер тарапынан ендірілген мәліметтердің мерзімі ескірген, бұрмаланған және ip.ayu.edu.kz ақпарат базасында тиісті дұрыс ұяшыққа дұрыс салынбаған жағдайда расталмайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-075-2025</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 9-ші беті</b>

Бір автор рейтинг базасына құжаттарын 4-тен артық қате жүктеген жағдайда сол индикатор ұпайы жойылады.

5.13 Оқу жылы соңында жұмыс комиссиясы отырысында, Адалдық кодексі талаптарына орай, рейтингтік көрсеткіштерге негізсіз немесе бұрмаланған, жалған мәліметтер ендірген ОПК немесе ғылыми қызметкерлердің қорытынды көрсеткішінен комиссия шешімімен 1-500 ұпай аралығында шегеріледі немесе комиссия шешімімен рейтингтен мүлдем шеттетіледі. Шара қолданылған ОПК және ғылыми қызметкерлер материалдары Этикалық және тәртіп комиссиясына жолданады.

5.14 Комиссия ұсынысымен университет имиджін арттыруға бағытталған қомақты іс-шараларды ұйымдастырудағы үлесі (хаттама, бұйрық немесе бағдарлама негізінде Оқу-әдістемелік, Ғылым, Әлеуметтік-мәдени мәселелер комитеті төрағалары ұсынысы бойынша) және т.б. қоғамдық мәдени көпшілік шаралардағы ерекше белсенділіктері үшін оқытушы-профессор және ғылыми қызметкерлерге жалпы рейтингтік көрсеткішке ұпай қосылуы мүмкін.

5.15 [ip.ayu.edu.kz](http://ip.ayu.edu.kz) базасына ендірілген көрсеткіштері әр жыл сайын маусым-тамыз аралығында талқыланып, рейтинг мәндері қорытындыланады. ОПК және ғылыми-қызметкерлердің (Ropk(r)) рейтинг базасындағы ең жоғарғы ұпайы максималды мән ретінде (Ropk.max) қабылданып, ол 100 %-ға теңестіріледі:  $R_{opk,max}(r) = 100\%$ .

ОПК және ғылыми қызметкерлердің рейтинг ұпайлары тиісінше пайыздық көрсеткіштермен есептеледі:  $R_{opk}(r)\% = R_{opk}(r) * 100\% / R_{opk,max}$

5.16 Жазбаша түрде түскен шағымдар мен ұсыныстар университет ректоры, ректор өкілі тарапынан бекітілген Рейтинг комиссиясының отырысында қаралып, хаттамамен рәсімделеді және ОПК танысуы үшін рейтинг порталына орналастырылады. ОПК және ғылыми қызметкерлердің Рейтинг комиссиясына жолданған шағым немесе ұсыныстары 01-05 маусым аралығында қабылданады да, сонан соң қабылдау тоқтатылады.

5.17 Толық емес штаттағы ОПК немесе ғылыми қызметкер толық жүктемедегі ОПК-мен бірдей шартта бәсекеге түсе алатындығына өзінің сенімді емес екенін көрсете отырып Рейтинг комиссиясына жазбаша өтініш білдірген жағдайда, олардың дербес рейтинг нәтижелерін ескермеу жөнінде комиссия шешім шығара алады.

5.18 Әр индикатор бойынша есептеулер ережеде көрсетілген тиісті ұпайлар бойынша анықталады. Ішкі рейтинг көрсеткіштерінің қорытынды ұпайларын жалпы қорытындылау және рейтинг нәтижесі бойынша келесі оқу жылына ынталандыру шараларына ұсыну – университет ректоры бекіткен тұрақты Рейтинг комиссиясы арқылы жүргізіледі.

5.19 Әр оқу жылының соңында Рейтинг комиссиясы [ip.ayu.edu.kz](http://ip.ayu.edu.kz) базасына ендірілген көрсеткіштерді талқылап, қорытындылайды. Нәтижесінде, өте жоғары, жоғары, орта, төмен, өте төмен сияқты бірнеше деңгейлерді анықтайды және өте жоғары ұпай жинаған ОПК және ғылыми қызметкерлерді анықтап, ынталандыру ретінде бір реттік сыйақымен марапаттау үшін немесе жалақысына дифференциаланған үстеме ақы қосу үшін оларды жоғарғы басшылыққа ұсынады. Ынталандыру аумағы – рейтинг көрсеткіштері өте жоғары ОПК және ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан шамамен 1/10 мөлшерін қамтиды.

5.20 ТОП-100 тізіміне енген ОПК үшін айлығына қосылатын дифференциаланған үстеме ақы бекітілген төменгі шектеулі деңгей негізінде, оқытушының категориясына байланысты есептеледі.

Бір мезгілдік ынталандыру сыйақысы немесе ай сайынғы дифференциаланған рейтингтік үстеме ақылар кемінде бір жыл жұмыс істеген, ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметіндегі тек қана штаттағы оқытушыларға және ғылыми қызметкерлерге беріледі.

5.21 Ағымдағы оқу жылы бойынша рейтингінің қорытынды нәтижелері негізінде ОПК мен ғылыми қызметкерлердің TOP-100 тізімі анықталып, көлемі комиссия шешімімен ұсынылған

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Университет ережесі</b>	<b>11-шы нұсқа</b>
<b>Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі</b>		<b>27 беттің 10-ші беті</b>

ынталандыру сыйақысы немесе төмендегі көлемде дифференцияланған ай сайынғы үстеме ақы беріледі:

- 1-10 орын – 35 АЕК;
- 11-25 орын – 30 АЕК;
- 25-50 орын – 25 АЕК;
- 51-75 орын – 20 АЕК;
- 76-100 орын – 15 АЕК.

Ішкі рейтинг көрсеткіштерінің ТОП-150 немесе үздіктердің басқа саны бойынша мүмкін өзгерістерді оқу жылы соңында Рейтинг комиссиясы түзетулер ендіріп, жоғары басшылыққа ұсынуы мүмкін.

5.22 Кафедра рейтингінің нәтижелері негізінде ағымдағы оқу жылында қызметтің үш бағыты бойынша аса жоғары қорытынды көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз еткен үш кафедра анықталады. Ол кафедраларға комиссия шешімімен бірреттік ынталандыру ретінде заттай немесе оргтехника, жабдық т.б. түрінде қажеттіліктерді ұсыныс-хатпен алуға төмендегі мөлшерде қаржы бөлінеді:

- I орын – 100 АЕК;
- II орын – 80 АЕК;
- III орын – 65 АЕК.

5.23 Факультет және Ғылыми-зерттеу институтының/орталығының рейтинг нәтижелері негізінде ағымдағы оқу жылында қызметтің барлық бағыттары бойынша аса жоғары қорытынды көрсеткіштерді қамтамасыз еткен бір факультет және бір ҒЗИ анықталады. Оларға комиссия шешімімен бірреттік ынталандыру ретінде заттай немесе оргтехника, жабдық т.б. түрінде қажеттіліктерді ұсыныс-хатпен алуға төмендегі мөлшерде қаржы бөлінеді:

- I орын – 100 АЕК.

5.24 Рейтинг комиссиясы ip.ayu.edu.kz базасына ендірілген көрсеткіштерге орай оқу жылы қорытындысы бойынша “Жыл көшбасшысы”, “Үздік ғылыми жарияланым”, “Үздік педагог”, “Үздік эдвайзер” номинациясының иегерлерін анықтап, оларға ынталандыру сыйақыларын белгілеу үшін жоғары басшылыққа ұсынуы мүмкін.

5.25 ОПК қызметтік жалақысына қосылатын ынталандыру үстеме ақысы мен кафедра/факультет/ҒЗИ/ҒЗО-ға бөлінетін заттай ынталандырулар бюджеттен тыс қаражат есебінен төленеді.

Ынталандыру сыйақысы оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап 10 айға тағайындалады және жаңа оқу жылында арнайы бұйрықпен рәсімделіп, сыйақы иелері марапатталады.

Оқытушы әкімшілік лауазымға (ӘБЖ) ауысқан жағдайда оған алдыңғы оқу жылының нәтижелері бойынша рейтингтік қосымша ақы төлеу сақталады.

Оқытушы/қызметкер университеттің басқа құрылымдық бөлімшесіне ауысқан кезде оның алдыңғы оқу жылында жинаған рейтингтік ұпайлары ол жұмыс істеген кафедрада сақталады.

5.26 Рейтинг нәтижесі бойынша ұпай саны “ноль” ОПК мен ғылыми қызметкерлер үшін келесідей шаралар қабылдануы мүмкін:

ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түріндегі және басқа жауапкершіліктерге тарту үшін Этикалық және тәртіп комиссиясына жолдау;

жеке еңбек шартын тоқтатуға ұсыну.

Келесідей жағдайларда бұл шара қолданылмайды:

рейтинг қорытындысын жүргізген сәтте бұл қызметте бір оқу жылынан кем уақыт жұмыс істеп жүрген ОПК мен ғылыми қызметкерлер;

ағымдағы оқу жылы бала күтіміне байланысты демалыстан шыққан ОПК мен ғылыми қызметкерлер;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-075-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	11-шы нұсқа
Ахмет Ясауи университетінің ішкі кәсіби рейтингін анықтау ережесі		27 беттің 11-ші беті

қоса қызмет істеу жағдайында 0,25-0,75 штаттық бірліктегі мөлшерлеменен жүктемені орындайтын ОПҚ мен ғылыми қызметкерлер.

5.27 Рейтингтің қорытындысы бойынша межелік деңгейден қайталап төмен жинаған ОПҚ мен ғылыми қызметкерлерге келесі жылға Еңбек келісім-шартын бұзу туралы хабарлама берілуі мүмкін.

5.28 Рейтингтік ip.ayu.edu.kz сайтындағы ОПҚ-ның еңбек көрсеткіштері университет веб-сайтындағы ОПҚ-ның жеке профильдік мәліметіне қосылады және ОПҚ мен қызметтер аттестациясы кезінде, жеке еңбек шартын жасау/ұзарту кезінде ескеріледі.

## 6. ip.ayu.edu.kz АҚПАРАТ ПОРТАЛЫНА ЕНДІРЕЛЕТІН КӨРСЕТКІШТЕР

### 6.1 ОПҚ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҮШІН ИНДИКАТОРЛАР

№	Ұсыныстар бойынша өзгеретін көрсеткіштер атауы	Өлшеу бірлігі	Рейтинг балы	Дәлелдемелер базасы
<b>I. ҒЫЛЫМ БАҒЫТЫ</b> (*жобалар мен ғылыми зерттеулер, ғылыми жарияланымдар, докторлық/магистрлық диссертация тақырыптарында, бағыттарында, кілт сөздерінде Турақты даму мақсаттарына сәйкес келсе +20% қосылады)				
<b>1. Жобалар мен ғылыми зерттеулер</b> (жобалар бойынша дәлелді құжат ретінде Ахмет Ясауи университетімен жасалған екі жақты келісім-шарт, жоба орындаушыларын келісім-шарт негізінде жұмысқа қабылдау туралы бұйрық немесе атқарылған жұмыстардың актісі ұсынылуы қажет. ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің сыртқы ұйымдармен жеке жүзеге асыратын жобаларын (консорциум шарттарына негізделген жобаларды қоспағанда) қабылдамайды. Волонтерлік, мердігерлік келісім-шарт негізде жұмысқа алынған, алайда еңбек ақы алмайтын орындаушыларға ұпай берілмейді)				
1.1	Халықаралық жобалар (барлық бағыттар бойынша, алыс шетел) 1.1.1 Жоба жетекшісіне 1.1.2 Әр орындаушыға	саны саны	1400 800	1-тармақтағы түсініктеме
1.2	Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобалары: 1.2.1 Жоба жетекшісіне 1.2.2 Әр орындаушыға	саны саны	800 500	1-тармақтағы түсініктеме
1.3	Гранттық, ғылыми-технологиялық жобалар: 1.3.1 Жоба жетекшісіне 1.3.2 Орындаушыға	саны саны	500 300	1-тармақтағы түсініктеме
1.4	ҚР ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ КОНКУРСЫНА берілген, I кезеңнен өткен, Ұлттық ғылыми кеңестің қарауына шыққан (23 баллдан кем емес), бірақ қаржыландыруды алмаған нысаналы қаржыландыру бағдарламасы 1.4.1 Жоба жетекшісіне	саны	200	ҰМҒТСО растайтын сілтеме

